

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

қылғып қайыра жұтып салыпты. Құстарға жем болғанша ішімде жатсын дегені болуы керек. Шал шошып оянып, бірден мылтығына жармасты».

Үшінші оқиға – Үрмет шалдың ауырып, дүние салуы. Шығарманың соңында мынадай жолдар бар: «Сарыала құстар содан қайтып келген жоқ. Үрмет шалдың айтқан әңгімесіне де ешкім сенген жоқ. Сардар да атасының сөзін расқа шығаратындай ештеңе айтқан жоқ». Сонымен мұндағы алғашқы сарыала құстармен болған оқиға жалған, онымен байланысты Үрмет шалдың көрген түсі де жалған болып шығады. Мұндағы шын мәнісінде рас нәрсе – құсадан жан тапсырған Үрмет шалдың жалғыз ұлының әкесіне топырақ салуға келмеуі. Ауладағы құрт-құмырсқа, жердегі шашылған дәм, жәндіктер жемсауына тамақ болатын нәрсенің бәрін жайпап өтеді. Бәрі ашқарақ, шетінен қомағай. Әңгіменің айтпақ ойы, негізгі идеясы да кейіпкердің осы сөзімен ашылады. Шығарманың көркемдік астары бөлек.

Мүйізі қарағайдай қазақ журналистикасының алыптары, классиктер Шерхан Мұртаза мен Оралхан Бөкейдін, алдыңғы буынның тәлім-тәрбиесін алған, олардың «қатан» мектебінен сүрінбей өткен Жүсіпбек Қорғасбек бірнеше басылымдардың бас редакторы болумен қатар, публицистикада да өз қолтаңбасын қалдырды. Ш.Мұртазаның да, О.Бөкейдін де үйреткен тәлімі, көрсетер үлгісі мол болды.

Қорыта келгенде, жазушы Жүсіпбек Қорғасбектің әлеуметтік ахуалға, қоғамның қарекетіне қатысты көзқарасы мен ұстанымдары әрбір шығармасында суреттеліп жатады. Автордың шығармалары замана шындығын суреттейді. Журналистік мақалалары өз кезеңінің ауыр түйткілді, аса маңызды әлеуметтік мәселелерін көрсете білді. Қазақ журналистерінің арасында алғаш ғарыш тақырыбына барған да, желтоқсан тақырыбын қаузаған да Ж.Қорғасбек болды. Әдебиетте, публицистикада, журналистикада түрен салған суреткердің шығармашылық мұрасы әлі де жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қорғасбек Ж. Кітапхана. – Алматы: Хантәңірі, 2014
2. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы: Ғылым, 2001. – 448 б.
3. Қорғасбек Ж. «Күпия қойма» – тарихта қалатын шығарма
4. Қорғасбек, Ж Мехнат һәм Хикмет [Мәтін]:[ әдеби сұхбаттар] Ж. Қорғасбек.- Алматы-Болашақ, 2019.- 592 б

### **ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ НОВЕЛЛА ЖАНРЫНЫҢ ДАМУЫ**

**Адамзатова Шынар Қазбекқызы**

[shynar.adamzatova@mail.ru](mailto:shynar.adamzatova@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., қаум. профессор Үсен А.Ә.

Новелла - проза түрінде келетін әдеби жанр. Оны жазу шығармашылық қиялды және нақты экспрессивті құралдарды қажет етеді. Себебі, автор қысқа көлемде максималды жеке эмоцияларды, өткір қақтығыстарды және адамның ішкі уайымын ашық көрсетуі керек. Новелла автор әр түрлі қырынан ашатын бір оқиғаның айналасында өрбиді. Новелла үшін сюжеттік желілер, семантикалық толықтық маңызды емес. Барлық назар адам эмоциялары мен жеке драманың реңктеріне аударылады.

Психологиялық портреттер кейіпкердің ойларынан, күмәндануынан, уайымынан және ішкі монологынан туады. Сюжет мүлдем жоқ болуы немесе кейіпкердің қабылдауына байланысты бөлшектерге жиналып келуі мүмкін. Автор объективті, сыртқы бақылаушы ретінде әрекет етеді, ол тек тұлғаның жан-жақты психикалық қоймасына перде ашады.

Шығармадағы қайшылықтар мен қарама-қайшылықтарды күшейтетін шарықтау шегі міндетті түрде болады. Шиеленісті әңгімелеу стилі оқырмандардың күткеніне сәйкес

келмейтін кенеттен аяқталуға әкеледі. Әдетте психологиялық новелла кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесі бай болып келеді. Бұл авторға олардың қуаныштары мен азаптарын, адасуы мен ашуын, мазасыздығы мен сенімсіздігін сөрелерге қоюға мүмкіндік береді. Новелланың сюжеті артық бөлшектерсіз және қарапайым бағытта дамиды.

Қазақ әдебиетінде алғаш новелла жанрын Ы. Алтынсариннің шығармаларынан көруге болады. Ғалым Қ. Жұмалиев: «Алтынсаринді орыс әдебиетінен үлгі алды дегенде айрықша тоқтауды керек ететін бір мәселе оның қара әңгімелері. Ең алдымен өз қаламына жататын новеллалары. Оның «Бай баласы мен кедей баласы», «Надандық», «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімелері бізді өзінің мазмұнына ғана емес, көркемдігі, композициялық құрылысының шеберлігімен де қызықтырады. Бұлардың бәрі де шебер жазылған новеллалар» - деп қазақ әдебиетіндегі тұңғыш новеллист жөніндегі пікірін білдіреді.

М.Алтынбекова ХХ ғасырдың 60-шы жылдары шыққан мақаласында новелла жанрының әдебиетімізге енгеніне біршама уақыт өтсе де, әлі күнге дейін дамуы тежеліп тұрған мәселелердің бірі екені туралы айтады. Новелла жазып жүрген жазушылардың туындыларын сынға алып, жазылғандардың жанр сипаттамасына сай келмейтіні, сапасының төмендігі туралы сөз қозғайды.

ХХ ғасырдың орта тұсында қазақ әдебиетінде новелла жанры ерекше қарқынмен дамыды. Қазақ әдебиетінде новелла жанрына қалам тартқан жазушылар ішінде Б.Майлин, С.Ерубасев, Ғ.Мүсірепов, Б.Бұлқышев, Т.Әлімқұлов, М.Мағауин, С.Жүнісов, Т.Ахтанов, Д.Әбілев, М.Әлімбаев, Н.Сералиев, О.Бөкеев, Х.Ерғалиев, И.Жақанов, Ө.Қанахин, С.Мәуленов, Қ.Найманбаев, Ә.Нілібаев сынды жазушыларды атауға болады. Бұл тұста қазақ әдебиетінде новелла жанрын көкке көтерген прозаиктердің бірі – Б.Майлин. Новеллаларында алуан түрлі адамдардың көркем мұражайын жасады. Бүгінге дейін Майлиннің жарыққа шыққан барлық жинақтары мен кітаптарында новеллаларының барлығы «әңгімелері» деп жазылып келді. Бұл қазақ әдебиеттануында осы жанрдың қалыс қалып отырғанының белгісі. З.Қабдоловтың: «Бейімбет Майлин қалам қызметіне арналған бас-аяғы жиырма шақты жыл ішінде жүзге тарта новелла жазған және бір қызық жері –өлеңдерінен поэмаларын ажыратпағаны секілді, әңгімелерінен хикаяттарын да бөле қарамаған» деп жазушының новеллалары жайлы айтқан болатын.

Новелланың өлең формасында жазылған түрін әдебиетімізге енгізген ақын, жазушы Саттар Ерубасев. Өлең түріндегі «Мәңгілік өмір» новелласында жас талант қайғыны қуанышқа жеңдіріп, осы тіркестің сырын ашуы туралы сөз болады. «Келесі соғыс туралы» новелласын қазақ әдебиеттануында ғылыми фантастиканың алғашқы үлгісі ретінде тануға болады. Т.Кәкішев былай дейді: «Саттардың новеллаларында өршіл романтика, өткір публицистика, философиялық пайымдау өзара біте қайнасып, эстетикалық әсерді күшейтіп отырады». Сонымен қатар, Ғ.Мүсіреповтың ана туралы, Т.Әлімқұловтың «Асу асу» повесть-новелласын, новеллалардан құралған «Замана екпіні», Қ.Ысқақов өзінің «Менің ағаларым» хикаят-новеллаларын қазақ әдебиетінде жанр дамуына үлес қосқан шығармалар деп тануға болады.

Тәуелсіздік жылдары жазылған новеллалар саны мен сапасы айтарлықтай биіктерге шықпаса да, қалам тербеп жатқан новеллистердің бары қуантады. Олардың ішінде Ж.Шамұратованың «Сандық», «Секундтар арасындағы шексіздік», Е.Нұрахметтің «Алма», «Жар басындағы алтын тақ», «Арманның ағасы», А.Алтай «Вирус-мутант», С.Минайханның «Мен емес», Ә.Қайранның «Ақсаққара», «Имамның махаббаты», Қ.Әлімнің «Азаттық қызы», Х.Нұрбазарұлының «Дос», О.Әлсейіттің «Шырағым менің», Н.Ақыштың «Сыйлашы жұлдыздарын жанарыңның», Ф.Амангелдіқызының «Өкініш өзегімді өртейді», О.Сабырбектің «Баяғыда ұрланған бақыт», «Жарқ етіп жоғалған бейне», А.Кенжеғарақызының «Бақыттың бағасы», А.Жұмағазықызының «Ақталмаған үміт», Бибіт Нұрмұхановтың «Өмір» новеллаларын атауға болады.

Новелла шағын жанр түрі болса да, жазылуы күрделі процесс. Автор мен кейіпкердің күтпеген шешімдері, өткір сюжеттілік қақтығыс нүктелерін бір оқиғаның фокусына әкеп тірейді. Сонымен қатар, новелла қоғамдағы аса маңызды мәселелерге назар салады және

жасырын мағынаның, субтекстің болмауымен, кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің себептері көрсетілмеуімен ерекшеленеді. Қазақ әдебиетінде новелланың жанр ретінде толық орнықпағаны байқалады. Новеллаға тән өткір сюжеттілік, нақты авторлық позицияның болмауы, шығарманың күтпеген финалмен аяқталуы сынды ерекшеліктері төл әдебиетіміздегі туындыларда айқын байқалмайтынын көреміз. Дегенмен, өзін новеллистпен деген қаламгерлер саны жоқтың қасы болса да, жазылып жүрген новеллалар аз емес.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Білім, 1964. 135б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «TST Company», 2006. – 360б.
3. Қабдолов З. Шығармалары. Т. 4: Үш алып. Төрт арыс. Ғылыми зерттеулер. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013 – 320 б.
4. Ерубәев С. Мәңгілік өмір. Новеллалар. - Алматы: Рауан, 1994, 64 б.
5. Мүсірепов Ғ. Заман және әдебиет. - Алматы: Жазушы, 1982, 541 б.
6. Майлин Б. Таңдамалы. - Алматы: Жазушы, 1977, 543 б.
7. Әлімқұлов Т. Сенгіштік // Шығармалары - Алматы: ҚА Зақпарат, 2014, Т. 7, 380б.
8. [https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&category\\_id=10&tag\\_id=6241](https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&category_id=10&tag_id=6241)
9. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/17350/>
10. <https://egemen.kz/article/251421-azattyq-qyzy-novella%C2%AD%C2%AD%C2%AD%C2%AD>
11. <https://egemen.kz/article/233807-aqsaqqara-novella>
12. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/proza/10236/>
13. <https://malim.kz/article/sports/alma-novella-2636>
14. <https://qazaqadebieti.kz/34385/sandy-novella>
15. <https://massaget.kz/blogs/proza/27048/>
16. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/asqar-altai-virus-mutant\\_22637](https://adebiportal.kz/kz/news/view/asqar-altai-virus-mutant_22637)
17. [https://adebiportal.kz/kz/news/view/zar-basyndagy-altyn-taq-novella\\_17555](https://adebiportal.kz/kz/news/view/zar-basyndagy-altyn-taq-novella_17555)
18. <https://adyrna.kz/post/102494>
19. <http://ertisoniri.kz/rubrikalar/zhantanyim/717-aktalmagan-umit-novella.html>
20. <http://madeniportal.kz/article/4996>
21. <https://ult.kz/post/esbol-nurakhmet-armannyn-agasy-novella>

#### «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖӘНЕ АБАЙ

Аманкелді Гүлбаршын Нұрланқызы  
[gulbarshyn.00001@gmail.com](mailto:gulbarshyn.00001@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
2-курс магистранты, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент Қорғанбеков Б.С.

«Қозы Көрпеш - Баян сұлу» - түркі халықтарының арасында кең таралған, біздің заманымыздан үш-төрт ғасыр бұрын шыққан, көне эпостық асыл мұра. Бұл жырды күллі қазақ халқы көне ғасырлар бойы жырлаған. Бізге жеткен жазбаша деректерде осы жырды Жанақ, Шөже, Бекбау, Сыбанбай, Қоңқабай жырлаған. Ел арасында Жанақ пен Шөженің жырлаған нұсқалары кеңінен таралған. О баста бұл жырды 12 ақын қатар отырып, бірінен соң бірі жырлапты деген аңыз да айтылады.

Ғалымдардың пікірінше, Қозы Көрпеш пен Баян сұлудың оқиғасы 1500 жыл бұрын болған дейді, бірақ бұл әлі күнге дейін нақты дәлелденбеген. Ал жыршылар осы аңыз әңгімені ноғайлы заманымен байланыстырады. Мысалы, Шөже ақынның нұсқасы былай басталады: